

ОӘЖ 336.647.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА  
БИЗНЕСКЕ САЛЫҚ САЛУ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

**Жәумітбай Нұржігіт Хамитұлы**

[\*n.zhaumitbay@gmail.com\*](mailto:n.zhaumitbay@gmail.com)

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Кожахметов З.К.

Шағын және орта бизнес – мемлекеттің экономикалық жандануына және халықтың экономикалық белсенділігін жоғарлатуға, сондай-ақ оның дамуы бәсекелесті, динамикалық және диверсификацияланған экономиканың құрылуына жағдай жасайды.

Шағын және орта бизнес экономиканың ірге қалаушы буыны, оның даму жағдайы мен деңгейінен ел экономикасы дамуының тұрақтылығы қамтамасыз етіледі және жалпы ұлттық өнімнің сапасы мен құрылымы анықталады. Экономикасы дамыған мемлекеттерде Жапонияда, Германияда, Белгия мен Италияда шағын және орта бизнес барлық кәсіпорындардың 90 пайызын құрап отыр. Көптеген дамыған елдердің жалпы ішкі өнімнің 50 пайызы шағын және орта бизнес үлесіне тиесілі.

Рыноктық экономикада шағын және орта кәсіпкерлік екі түрлі негізгі қызмет атқарады: экономикалық және әлеуметтік. Экономикалық қызмет негізіне бәсекелестікті дамыту, материалдық және материалдық емес ресурстарды тиімді пайдалану, ішкі сұраныстың импортқа тәуелдігін жою және т.б. жатса, әлеуметтік қызметі жұмыссыздық проблемасын шешу, кедейшілікті жою және мемлекеттің экономикалық дамуын тежейтін көптеген проблемаларды шешу жолдарын қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл саланы дамыту еліміздің экономикасы үшін маңызды мәселе болып табылады.

Нарықтық экономикада шағын және орта бизнесті дамытудың негізгі жолдарының бірі – салықтық реттеу болып табылады.

Салық салуды дұрыс жолға қоюды қамтамасыз ету күрделі және қарама-қайшылыққа толы, өйткені мемлекет үшін негізгі мәселе болып салық салуды жоғарлату болатын болса, ал жеке тұлғалар мен шаруашылық субъектілер салық төлеуді азайтуға ұмтылады. Сондықтан да халықтың әлеуметтік жағдайы салық салу саясатында негізгі фактор ретінде қаралуы тиіс.

Шағын және орта бизнес – мемлекеттің тірегі, орта тапты өсіретін инкубатор болып табылады. Сондықтан осы салаға қолданылатын салық саясатын жетілдіруде келесі мәселелерді ескеру қажет:

- кәсіпкерлікке салық салғанда кәсіпкерлердің әл-ауқатымен санасу;
- кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсету;
- салық ауыртпалығын мейлінше жеңілдету [1].

Салық салу мемлекеттің өз қызметін атқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ал шағын және орта бизнеске қолданылатын тиімді салық салу жүйесі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өсуіне оң ықпалын тигізеді.

Салық жүйесін жетілдіріп, қалыптастыру күрделі үдеріс. Қазақстанда кәсіпкерлік қызметке кедергі келтірмейтін салық жүйесін қалыптастыру өзекті мәселелер қатарында болып отыр.

Салық саясаты арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін ынталандыруға немесе шектеуге болады. Салық ауыртпалығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым салық төлеушінің салық төлеу ынтасы мен мүмкіншілігі де кемиді. Сондықтан мемлекет салықтар, салық ставкалары мен жеңілдіктері арқылы реттеушілік қызметін жүзеге асыру барысында экономиканы, өндіріс пен инвестицияны, шағын және орта бизнесті ынталандыруға тигізетін әсерін де басты назарда ұстауы шарт.

Бюджетке түсетін салықтардың басым көпшілігі аса ірі немесе орташа кәсіпорындардан түседі, бірақ шағын кәсіпкерлікте жергілікті бюджеттердің түсімдерін көбейтуге өз үлестерін қосады.

Оған себеп, біріншіден, шағын кәсіпорындар мемлекеттің өнім өндіру, қызмет көрсету салаларының негізгі көлемін құрайтын болғандықтан, олардан түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер қомақты болып келеді.

Екіншіден, кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және шағын заңды тұлғалар бұрын есепте жоқ, жаңа салық төлеушілер ретінде бюджет жүйесіне қосымша салық түсімдерін әкеледі.

Салықтық тексерулердің нәтижесі шағын кәсіпкерлік секторында мынандай жағдайларды анықтаған: өмірде ең көп салықтық құқықты бұзушылық осы шағын

кәсіпорындарда байқалады, әсіресе уақытында салық тіркеуіне тұрмау, уақытында салықтық есепті өткізбеу, түскен қолма-қол ақшаны есепке алмау, жымқыру, бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізбеу және тағы басқалары.

Сондықтан да салықтық бақылауды күшейту осы салада салық салу шаралары тиімділігін жоғарылатудың негізгі жодарының бірі болады. Сонда ғана қосымша салықтар бюджетке көбірек түседі, әсіресе ірі салық төлеушілерден. Себебі, мұндай фирмалар салық төлеуден бұлтару үшін тәжірибеде өтірік шағын кәсіпорындарды ашып, солар арқылы өнім бағаларының арқасында қолмен епті іс жасау арқылы салық базасы болатын таза табыстарын жасырып қалады, сол себептен мемлекет қазынасына көп салықтар көлемі түспей қалады.

Үшіншіден, салық органдары да шағын кәсіпкерлікпен айналысатын салық төлеушілерді тексеру барысында, алдымен оларға мәлімет жинап, қайсысы салық есебіне тұрғанын, қай салада қызметтерін атқаратындарын, барлық құқық қорғау орындарындағы оларға түскен мәліметтерді жинап, содан кейін ғана білікті, әрі сапалы салық тексерулерінің сапасы артып, бюджетке қосымша салықтар түсуіне жол ашылады. Ол үшін [2]:

- әрбір салық төлеушінің, әсіресе шағын кәсіпкерлік саласында тексеру ұйымдары алдымен қолда бар барлық шаруашылық-қаржылық есеп құжаттарына талдау жасау;

- камералдық бақылау барысында, негізінен, әрбір жеке есеп құжаттарының бір-бірімен байланысын талдап, оның салық базасын шығару;

- есеп беру көрсеткіштерінің салыстырмалығын, олардың салық декларациясында көрсетілгендей табыс көздерінің растығын анықтау;

- салық декларациясы мен бухгалтерлік есептің дұрыстығының бағасын, олардың сапасын өздерінде бар мәліметтермен салыстырып, олардың дұрыстығына көз жіберу.

Төртіншіден, осы шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің мәлімет көзін басқа да ұйымдардан, әсіресе қызмет көрсететін банктерден, энергосбыт кәсіпорынынан, жол полициясының және кеден органдарының мәліметтерінен жинап, содан кейін ғана сапалы салық тексерулерін өткізу керек [3].

Қазақстан Республикасы салық кодексіне сәйкес салық режимдері жалпы және арнаулы салық режимі болып бөлінеді. Салық режимі дегеніміз салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық салушы қолданатын салдық заңнамасы нормаларының жиынтығы.

Ал, жалпы салық режимі деп салық төлеушілердің барлық санаттары үшін белгіленетін және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлерін есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептігін берудің жалпы тәртібін қолдануды айтамыз.

Арнаулы салық режимі – салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленетін және жекелеген салық түрлерін есептеу мен төлеудің (жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеудің), сондай – ақ олар бойынша салық есептігін берудің оңайтылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджеттен есеп айырысудың ерекше тәртібі.

Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері, шаруа қожалықтары, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар және селлолық тұтыну кооперативтері қолданан алалды. Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін әлеуметтік салықты, корпоративті немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайтылған тәртібі белгіленеді.

Арнаулы салық режимдерінің келесідей түрлері бар [2]:

- патент негізіндегі шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі;
- оңайтылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі;
- шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селлолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.

Кәсіпкердің жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық төлеуіне мүмкіндігі бар. Салық төлеуші салықты есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін

табыс етудің жоғарыда көрсетілген тәртептердің біреуін ғана дербес таңдауына құқылы. Арнаулы салық режимдерін ауыстыруға болады. Мысалы, патенттен жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке немесе оңайтылған декларация негізене ауысуына болады. Алайда, жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауысқан кезде жалпыға бірдей белгіленген тәртіп күнтізбелік екі жыл қолданылғаннан кейін ғана арнаулы салық режиміне қайта ауысуға болады.

Патент нысаны уәкілетті органдармен белгіленіп отырады. Патент бойынша қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын, жылына табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды белгіленген ең төменгі жалақының 200 еселенген мөлшерінен аспайтын кәсіпкерлер жұмыс жасай алады.

Патентпен кәсіпкер табысына салынатын жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша бюджетпен есеп айырысу фактісі расталады. Патент кәсіпкердің патентте көрсетілген мерзім ішінде салықты төлегендігін және кәсіпкерлік қызметпен айналысуына құқықты екендігін растайды. Патент кәсіпкердің табыс еткен салықтық өтініші мен патент құнын есептеу негізінде кемінде бір ай және он екі айдан аспайтын мерзімге беріледі. Бюджетке төленетін патент құнын, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, міндетті зейнетақы жарналарын аударуды растайтын құжаттар есепке қоса берілуі тиіс.

Патент құнын есептеу салық салу объектісіне 2% мөлшеріндегі ставканы қолдану жолымен жүргізіледі. Патент құны оның жарты бөлігі мөлшеріндегі жеке табыс салығы және «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдарды алып тастағаннан кейінгі патент құнының жарты бөлігі мөлшеріндегі әлеуметтік салық түрінде бюджетке төленуге жатады.

Әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып түскен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең болады. Егер нақты табыс патенттің қолданылу мерзімінің ішінде есепте көрсетілген табыс мөлшерінен асып түссе, жеке кәсіпкер бес жұмыс күні ішінде асып түскен сомаға қосымша есепті табыс етуге және осы сомадан салықтар төлеуге міндетті.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі салықты есептеудің келесідей принципін қарастырады. Салық салу объектісі болып алынған табыс саналады және оған 3% мөлшеріндегі ставка қолданылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтары арнаулы салық режимін немесе жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті дербес таңдауға құқылы. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі бірінғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және оны өткізу жөніндегі шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметіне қолданылады. Жеке меншік құқындағы және жер пайдалану құқығындағы жер учаскелері болған кезде, шаруа немесе фермер қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы беріледі. салықтық кезең болып күнтізбелік жыл саналады [3].

Қазір шағын және орта бизнес көбіне сауда мен құрылыстық қосалқы контрактармен айналысады. Алайда, өнеркәсіп пен нақты өндірісті дамыту керек. Қазір жұмыс жасап жатқан шағын технологияларды пайдаланып, инновациялы бәсекелесті өнімдер шығаруға тырысу керек. Ірі және тұрақты бизнес жаңа инновациялық тауарды игеруге бара бермейді, өйткені оның тәуекелділігі жоғары. Ал егер шағын және орты кәсіпкерлерге жаңа, осы заманғы өнімді игеруге көмектессе, оған шетелдерде де сұраныс болар еді.

Қазақстанда белсенді кәсіпкерлер саны көп. Тек оларға жаңа технологияларды игеріп, экспорттық потенциалы бар, бәсекелесті өнім шығару үшін қажетті ұзақ мерзімді инвестициялар тартуға көмек көрсету керек. Тез дамытын компаниялардың санын өсіру үшін шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты жетілдіру қажет. Осындай компаниялардың дамуын қолдаудың негізгі бағытының бірі – оларды рейдерліктен және мемлекеттік органдардың сансыз көп тексерістерінен қорғау болып табылады. Шағын және орта бизнестің дамуын қолдайтын мемлекеттік саясат кәсіпкерліктің санын емес, сапасын ынталандыруға бағытталуы қажет.

Бүгінгі күнде шағын және орта кәсіпкерлікке жасалып отырған барлық жеңілдіктердің өзінде жеке тұлға үшін табыс салығы белгіленген пайыздық мөлшерінің әлі де жоғарылығы, кәсіпкерлердің әлемдік практикаға сәйкес емес, біршама жоғары мөлшерде салық төлеуі сияқты мәселелер шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын тежеп отыр. Салық салудың жеңілдіктері арқылы салық салудан жартылай немесе толық босату, салық салынбайтын минимум, шегерістер, салық төлеу мерзімін ұзарту, салық ставкасын төмендету сияқты мәселелердің әлі де қажетті деңгейде жетілдірмеуі шағын және орта бизнестің жедел дамуына кері әсер етуде. Сондай-ақ салық салуда кәсіпкерліктің қолайсыз жағдай әсерлеріне ұшырауы немесе айрықша салаларда жұмыс істеуі ескерілмейді [4].

Бұл мәселелердің оңды шешілуіне төмендегі іс-шаралар септігін тигізетін мүмкіндігі бар:

- шағын бизнес субъектілері үшін салық ставкаларының дифференциациясын қарап, олар өндіретін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің, қосымша құнның деңгейін немесе оның тиімділігін негізге ала отырып, қызмет түрлері бойынша жүргізу;

- жалдамалы қызметшілердің еңбек ақысы қорының деңгейіндегі бастапқы мәнін арттыра отырып, табыс салығының сомасын азайту бойынша есептесуге қабылдайтын әрбір жалдамалы қызметшіге 2,5-тен 4-ке дейінгі ең төменгі еңбекақы мөлшері бойынша еңбекақыны жою жолымен алмастыру;

- әрбір жалдамалы қызметшіден 1,5-тен 0,7-0,5%-ға дейін есептелген табыс салығын азайта отырып, жеңілдік нормасын төмендету;

- индустриалды-инновациялық стратегияны жүзеге асыру аясында жаңа жоғарғы технологиялық өнім түрлерін құруға бағытталған ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге байланысты шығындар бойынша жеңілдік салықтарды бекіту.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1.Исахов П.Б. Орта және шағын кәсіпкерлікті дамытудағы салық салудың рөлі. - Аль-Пари, 2005, №36.

2.Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы. Салық кодексі – Алматы: ЮРИСТ, 2017 – 468 б.

3.Викторова Н.Г. Управление налогообложением и налоговыми рисками: Монография – М.: Инфра, 2017 – 286 с.

4.Власова М.С. Налоги и налогообложение: Учебное пособие. – М.:КноРус, 2018 – 256 с.